"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесі

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға қарсылық

2018-04-13 19:50:56 № 1040

Осымен "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ, 140440014725, Қызылорда қ.
Камералдық бақылау жүргізу және әлеуетті өнім беруші «Жанарту» ЖШС-нің 16.03.2018 жылғы №62 шағымын (электронды шағым №7739) қарау барысында «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2161060-1 «Қызылорда қаласындағы 2 Киняева көшесіндегі ҚТ 34-тен ҚТ-37 ге дейінгі магистралды жылу жүйесін қайта жаңғырту» жұмысын 205 487 166 теңгеге сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша (электрондық конкурс 29.12.2017 жылы жариялынғандықтан, камералдық бақылау 01.01.2018 жылға дейінгі қолданыстағы заңнамалар бойынша жүргізілді) келесі бұзушылықтар анықталды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: 1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; 2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы; 3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; 4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы; 5) жұмыс тәжірибесінің болуы. Заңның 21 бабы 2 тармағы 2)-тармақшасына сәйкес, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшелігі қамтылуға тиіс. Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық өзіндік ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі. Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық өзіндік ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Заңның 27 бабы 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Заңның 27 бабы 3 тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделмейді. Заңның 27 бабының 4 тармағына сәйкес, Конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті

өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді. Осы Заңның 6-бабын бұзған әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді. Заңның 27 бабының 5 тармағына сәйкес, Осы баптың 4-тармағына сәйкес біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде конкурстық комиссия: 1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға; 2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 4-тармағында көзделген біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімде жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сұрау салу жіберуіне және өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінім мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп қарайды. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауына жол бермейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай – Қағида) 150 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы; - біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісі анықталса. Дегенмен, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2161060-1 «Қызылорда қаласындағы 2 Киняева көшесіндегі ҚТ 34-тен ҚТ-37 ге дейінгі магистралды жылу жүйесін қайта жаңғырту» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілер «Жанарту» ЖШС, «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-нің конкурстық өтініміндері негізсіз қайтарылғаны анықталды. Әлеуетті өнім беруші «Жанарту» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «МТУ КВАРЦ» ЖШС-нің 01.03.2018 жылғы №94 ақпаратына сәйкес осы конкурс бойынша ілінген, «Жаңарту» ЖШС-гі мен «МТУ КВАРЦ» ЖШС-гі арасындағы «Вибрационный кабелеукладчик Vermeer Renegade P185» жабдығын жалға алу туралы 13.02.2018 жылғы шарттың жасалмағаны анықталды, ол туралы хаттың электрондық көшірмесі қоса тіркелді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Жаңарту» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі». Анықталған бұзушылық: Электрондық конкурс бойынша құрылысты ұйымдастыру жобасына сәйкес қажеттілікті қамтитын құрылыс машиналарының, тетіктердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлерінің ведомостінде (бұдан әрі - Ведомость) «Вибрационный кабелеукладчик» техникасы

сұратылмаған. Яғни, конкурстық комиссия «МТУ КВАРЦ» ЖШС-не Ведомостте көзделмеген техника бойынша 27.02.2018 жылы №52 санды сұрау жолдап, осы сұрауға 01.03.2018 жылы алынған №94 санды жауап хаты негізінде Қағиданың 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Жаңарту» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталды деп шешім шығарылған. Алайда, конкурстық комиссиямен «Вибрационный кабелеукладчик» техникасы әлеуетті өнім беруші шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін ие болуға міндетті материалдық ресурсқа жатпайтындығы, сондай ақ, Қағиданың 150 тармағының 2) тармақшасында материалдық ресурстарға қатысты талаптар қамтылмағаны ескерілмеген. Әлеуетті өнім беруші «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Алдын ала рұқсат беру хаттамасында Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде әлеуетті өнім берушінің «Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану» жұмыстарына қатысты рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы немесе қосалқы мердігер туралы мәліметтер ұсынылмағаны көрсетілген болатын. Осыған байланысты, әлеуетті өнім беруші «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-гі осы конкурс бойынша «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-гін қосалқы мердігер ретінде ұсынып, арасындағы мердігерлік шартты ұсынған. Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-гін 06.03.2018 жылғы №147-18 ақпаратына сәйкес осы конкурс бойынша ілінген, «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-гі мен «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-гі арасындағы қосалқы мердігерлік шартының жасалмағаны анықталды, ол туралы хаттың электрондық көшірмесі қоса тіркелді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып, сол сияқты «Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану» жұмыстарына қатысты рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы немесе қосалқы мердігер туралы мәліметтер ұсынылмаған болып есептеледі» Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссияның 05.03.2018 жылғы «Сыр Арал сараптама» ЖШС-не жолдаған №57 санды сұрау хатында «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС мен «Сыр Арал сараптама» ЖШС-гі арасында 17.01.2018 жылғы қосалқы мердігерлік жұмыстары бойынша келісім-шартының жасалғаны немесе жасалмағаны жөнінде мәлімет сұратқан. «Сыр Арал сараптама» ЖШС 06.03.2018 жылғы №147-18 санды жауап хатында мұндай келісім-шарттың жасалмағандығын көрсеткен. Алайда, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-гі конкурстық өтінімінде «Сыр Арал сараптама» ЖШС-мен жасалған қосалқы мердігерлік бойынша ниет шартын (договор намерения) ұсынғандығы ескерілмей, «Сыр Арал сараптама» ЖШС-не қате мазмұндағы сұрау хат жолданған. Себебі, келісім-шартпен ниет шарттың (договор намерения) мағынасы екі түрлі мағынаны береді. Осыған байланысты, Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан «Сыр Арал сараптама» ЖШС-не 02.04.2018 жылы №06-23/575 санды «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-мен қосалқы мердігерлік жұмыс бойынша ниет шартының (договор намерения) жасалғандығы немесе жасалмағандығы бойынша қайта сұрау жасалынды. «Сыр Арал сараптама» ЖШС қосалқы мердігерлік жұмыс бойынша «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-мен ниет шартының (договор намерения) жасалғандығын растайтындығы жөнінде 04.04.2018 жылы №193-18 санды хатпен жауап алынды. Осыған байланысты, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2161060-1 «Қызылорда қаласындағы 2 Киняева көшесіндегі ҚТ 34-тен ҚТ-37 ге дейінгі магистралды жылу жүйесін қайта жаңғырту» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы Қазақстан

Республикасының заңнамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.
бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған "ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ 2018-04-06 20:31:54 № 27715 хабарламасын қарап шығып, жоғарыда көрсетілген бұзушылықтармен мынадай негіздер бойынша келіспейтінін хабарлайды
ҚАРСЫЛЫҚ 06.04.2018 жылғы №27715 хабарламаға Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы (әрі қарай-Басқарма) ұйымдастырушы ретінде № 2161060-1 «Қызылорда қаласындағы 2 Киняева көшесіндегі ҚТ 34-тен ҚТ-37 ге дейінгі магистралды жылу жүйесін қайта жаңғырту» жұмысына конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізіп, 13.03.2018 жылғы қорытынды хаттамаға сәйкес конкурсқа қатысуға бір әлеуетті қатысушы жіберілуіне байланысты өтпеген деп танылған болатын. Осы конкурс бойынша ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі қарай-Департамент) 06.04.2018 жылы №27715 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама (әрі қарай-хабарлама) келтіріп, онда әлеуетті өнім берушілер «Жаңарту» ЖШС-нің және «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-ніңконкурстық өтінімдері негізсіз қайтарылғаны көрсетілген. Басқарма Департаменттің хабарламасына келесі негіздер бойынша келіспейтінін хабарлайды. Конкурстық комиссиямен хабарламада көрсетілген әлеуетті өнім берушілерге қатысты шешім қабылдауда төменде көрсетілген мән-жайлар негіз болған. Бірінші, «Жаңарту» ЖШС-не қатысты: ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 27-бабы 5-тармағы 2) тармақшасына сәйкес сұратылған хатқа "МТУ КВАРЦ" ЖШС-нің 01.03.2018 жылғы №94 ақпараты бойынша, осы конкурс бойынша ілінген, әлеуетті өнім берушінің №5-қосымшасында көрсетілген, "Жаңарту" ЖШС-гі мен "МТУ КВАРЦ" ЖШС-гі арасындағы 13.02.2018 жылғы нөмірсіз техникаларды жалға алу туралы келісім-шарты жасалмағаны анықталып, ол туралы хаттың электрондық көшірмесі мемлекеттік сатып алудың веб-порталына (әрі қарай-веб портал) қоса тіркелген болатын. Алайда, Департаменттің хабарламасында құрылысты ұйымдастыру жобасына сәйкес қажеттілікті қамтитын құрылыс машиналарының, тетіктердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлерінің ведомостінде «Вибрационный кабелеукладчик» техникасы сұратылмаса да, ҚР Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (әрі-қарай-Қағида) 150-тармағының 2) тармақшасында материалдық ресурстарға қатысты талаптар қамтылмағаны ескерілмегені көрсетілген. Бұл уәждер негізсіз деп есептейміз, себебі конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Жаңарту» ЖШС-не рұқсат бермеу туралы шешім қабылдау барысында Қағиданың 150-тармағының 2) тармақшасы басшылыққа алынған болатын, яғни «Жаңарту» ЖШС-нің №5-қосымшасында көрсетілген конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттарда("МТУ КВАРЦ" ЖШС-гі арасындағы 13.02.2018 жылғы нөмірсіз техникаларды жалға алу туралы келісім-шарты) дәйексіз мәліметтер ұсыну фактілері бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмеген болатын. Екінші, «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-не қатысты: Заңның 27-бабы 5-тармағы 2) тармақшасына сәйкес сұратылған хатқа қосалқы мердігер ретінде тартылған «Сыр Арал сараптама» ЖШС-гі 06.03.2018 жылғы №148-18 ақпаратында осы конкурстың атауын көрсете отырып, 2018 жылғы 17-қаңтардағы қосалқы мердігер ретіндегі шартының жасалмағандығы нақты көрсетілген. Бұл ретте де конкурстық комиссия Заңның 27-бабы 5-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген құқықтарын пайдаланған болатын. Дегенмен, Департаменттің хабарламасында келісім-шарт пен ниет шарттың мағынасы екі түрлі екендігі, «Сыр Арал сараптама» ЖШС-нен ниет шартының жасалғандығын растайтын 04.04.2018 жылғы №191-18 санды жауап хаты алынғандығын хабарлама беруде негізге алынған. Бірақ, аталған хаттың электрондық көшірмесі Веб-порталға ілінбеген және ол туралы мәлімет конкурстық комиссияға белгісіз (ұсынылмаған). Сонымен қатар, конкурстық комиссияның сұратуы бойынша ұсынылған «Сыр Арал сараптама» ЖШС-нің 06.03.2018 жылғы №148-18 хатының электрондық көшірмесі тіркелген(түрлі-түсті), ол хаттың шынайлығына не себеп негіз болғаны хабарламада ашып көрсетілмеген, Департаментпен «Сыр Арал сараптама» ЖШС-нен алынған

04.04.2018 жылғы №191-18 санды хаттың көшірмесі Веб-порталға ілінбеген, яғни соңғы хаттың бар немесе жоқ екеніне күмән келтіруге толық негіз бар. Осыған байланысты, конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілер «Жаңарту», «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-не қатысты олардың конкурстық өтінімдерінде ұсынылған құжаттар бойынша анықталған дәйексіз мәліметтер ұсыну фактілері бойынша Қағиданың 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес конкурсқа қатысуға жіберілмеуі негізді әрі Заңға сәйкес қабылданған деп пайымдаймыз. Алайда, Департаментпен конкурстық комиссия мүшелерінің Қағиданың 150 тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алғаны ескерусіз қалған. Айтылғандар негізінде с ұ р а й м ы з: Негізсіз болуына байланысты Департаменттің 06.04.2018 жылғы №27715 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны қайтарып алуды. Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының міндетін атқарушы С. Айтмамбетов Орын: Т. Дәулетияр Тел: 8 (7242) 605418

Қоса берілген құжаттардың тізбесі электрондық қарсылықта көрсетілген.

заместитель руководителя управления Айтмамбетов Сакен Абдинагиевич

Республиканское государственное учреждение "Комитет внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

Возражение к нарушениям указанным в уведомлении об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля

2018-04-13 19:50:56 № 1040

Настоящим ГУ "Управление государственных закупок Кызылординской области", 140440014725, г.Кызылорда рассмотрев уведомление РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Кызылординской области Комитета внутреннего государственного аудита МФ РК" от 2018-04-06 20:31:54 № 27715, где установлены нарушения законодательства Республики Казахстан, в части:
Камералдық бақылау жүргізу және әлеуетті өнім беруші «Жанарту» ЖШС-нің 16.03.2018 жылғы №62 шағымын (электронды шағым №7739) қарау барысында «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2161060-1 «Қызылорда қаласындағы 2 Киняева көшесіндегі ҚТ 34-тен ҚТ-37 ге дейінгі магистралды жылу жүйесін қайта жаңғырту» жұмысын 205 487 166 теңгеге сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша (электрондық конкурс 29.12.2017 жылы жариялынғандықтан, камералдық бақылау 01.01.2018 жылға дейінгі қолданыстағы заңнамалар бойынша жүргізілді) келесі бұзушылықтар анықталды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: 1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; 2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы; 3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; 4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы; 5) жұмыс тәжірибесінің болуы. Заңның 21 бабы 2 тармағы 2)-тармақшасына сәйкес, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшелігі қамтылуға тиіс. Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық өзіндік ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі. Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық өзіндік ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Заңның 27 бабы 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Заңның 27 бабы 3 тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген

жағдайда, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделмейді. Заңның 27 бабының 4 тармағына сәйкес, Конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді. Осы Заңның 6-бабын бұзған әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді. Заңның 27 бабының 5 тармағына сәйкес, Осы баптың 4-тармағына сәйкес біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде конкурстық комиссия: 1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға; 2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 4-тармағында көзделген біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімде жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сұрау салу жіберуіне және өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінім мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп қарайды. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауына жол бермейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай – Қағида) 150 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы; - біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісі анықталса. Дегенмен, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2161060-1 «Қызылорда қаласындағы 2 Киняева көшесіндегі ҚТ 34-тен ҚТ-37 ге дейінгі магистралды жылу жүйесін қайта жаңғырту» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілер «Жанарту» ЖШС, «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-нің конкурстық өтініміндері негізсіз қайтарылғаны анықталды. Әлеуетті өнім беруші «Жанарту» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «МТУ КВАРЦ» ЖШС-нің 01.03.2018 жылғы №94 ақпаратына сәйкес осы конкурс бойынша ілінген, «Жаңарту» ЖШС-гі мен «МТУ КВАРЦ» ЖШС-гі арасындағы «Вибрационный кабелеукладчик Vermeer Renegade P185» жабдығын жалға алу туралы 13.02.2018 жылғы шарттың жасалмағаны анықталды, ол туралы хаттың электрондық көшірмесі қоса тіркелді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Жаңарту» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі». Анықталған бұзушылық:

Электрондық конкурс бойынша құрылысты ұйымдастыру жобасына сәйкес қажеттілікті қамтитын құрылыс машиналарының, тетіктердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлерінің ведомостінде (бұдан әрі - Ведомость) «Вибрационный кабелеукладчик» техникасы сұратылмаған. Яғни, конкурстық комиссия «МТУ КВАРЦ» ЖШС-не Ведомостте көзделмеген техника бойынша 27.02.2018 жылы №52 санды сұрау жолдап, осы сұрауға 01.03.2018 жылы алынған №94 санды жауап хаты негізінде Қағиданың 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Жаңарту» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталды деп шешім шығарылған. Алайда, конкурстық комиссиямен «Вибрационный кабелеукладчик» техникасы әлеуетті өнім беруші шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін ие болуға міндетті материалдық ресурсқа жатпайтындығы, сондай ақ, Қағиданың 150 тармағының 2) тармақшасында материалдық ресурстарға қатысты талаптар қамтылмағаны ескерілмеген. Әлеуетті өнім беруші «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Алдын ала рұқсат беру хаттамасында Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде әлеуетті өнім берушінің «Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану» жұмыстарына қатысты рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы немесе қосалқы мердігер туралы мәліметтер ұсынылмағаны көрсетілген болатын. Осыған байланысты, әлеуетті өнім беруші «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-гі осы конкурс бойынша «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-гін қосалқы мердігер ретінде ұсынып, арасындағы мердігерлік шартты ұсынған. Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-гін 06.03.2018 жылғы №147-18 ақпаратына сәйкес осы конкурс бойынша ілінген, «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-гі мен «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-гі арасындағы қосалқы мердігерлік шартының жасалмағаны анықталды, ол туралы хаттың электрондық көшірмесі қоса тіркелді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып, сол сияқты «Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану» жұмыстарына қатысты рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы немесе қосалқы мердігер туралы мәліметтер ұсынылмаған болып есептеледі» Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссияның 05.03.2018 жылғы «Сыр Арал сараптама» ЖШС-не жолдаған №57 санды сұрау хатында «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС мен «Сыр Арал сараптама» ЖШС-гі арасында 17.01.2018 жылғы қосалқы мердігерлік жұмыстары бойынша келісім-шартының жасалғаны немесе жасалмағаны жөнінде мәлімет сұратқан. «Сыр Арал сараптама» ЖШС 06.03.2018 жылғы №147-18 санды жауап хатында мұндай келісім-шарттың жасалмағандығын көрсеткен. Алайда, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-гі конкурстық өтінімінде «Сыр Арал сараптама» ЖШС-мен жасалған қосалқы мердігерлік бойынша ниет шартын (договор намерения) ұсынғандығы ескерілмей, «Сыр Арал сараптама» ЖШС-не қате мазмұндағы сұрау хат жолданған. Себебі, келісім-шартпен ниет шарттың (договор намерения) мағынасы екі түрлі мағынаны береді. Осыған байланысты, Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан «Сыр Арал сараптама» ЖШС-не 02.04.2018 жылы №06-23/575 санды «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-мен қосалқы мердігерлік жұмыс бойынша ниет шартының (договор намерения) жасалғандығы немесе жасалмағандығы бойынша қайта сұрау жасалынды. «Сыр Арал сараптама» ЖШС қосалқы мердігерлік жұмыс бойынша «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-мен ниет шартының (договор намерения) жасалғандығын растайтындығы жөнінде 04.04.2018 жылы №193-18 санды хатпен жауап алынды. Осыған байланысты, «Қызылорда облысының

мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2161060-1 «Қызылорда қаласындағы 2 Киняева көшесіндегі ҚТ 34-тен ҚТ-37 ге дейінгі магистралды жылу жүйесін қайта жаңғырту» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.
сообщает о несогласии с вышеуказанными нарушениями, по следующим основаниям:
ҚАРСЫЛЫҚ 06.04.2018 жылғы №27715 хабарламаға Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы (әрі қарай-Басқарма) ұйымдастырушы ретінде № 2161060-1 «Қызылорда қаласындағы 2 Киняева көшесіндегі ҚТ 34-тен ҚТ-37 ге дейінгі магистралды жылу жүйесін қайта жаңғырту» жұмысына конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізіп, 13.03.2018 жылғы қорытынды хаттамаға сәйкес конкурсқа қатысуға бір әлеуетті қатысушы жіберілуіне байланысты өтпеген деп танылған болатын. Осы конкурс бойынша ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі қарай-Департамент) 06.04.2018 жылы №27715 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама (әрі қарай-хабарлама) келтіріп, онда әлеуетті өнім берушілер «Жаңарту» ЖШС-нің және «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-ніңконкурстық өтінімдері негізсіз қайтарылғаны көрсетілген. Басқарма Департаменттің хабарламасына келесі негіздер бойынша келіспейтінін хабарлайды. Конкурстық комиссиямен хабарламада көрсетілген әлеуетті өнім берушілерге қатысты шешім қабылдауда төменде көрсетілген мән-жайлар негіз болған. Бірінші, «Жаңарту» ЖШС-не қатысты: ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 27-бабы 5-тармағы 2) тармақшасына сәйкес сұратылған хатқа "МТУ КВАРЦ" ЖШС-нің 01.03.2018 жылғы №94 ақпараты бойынша, осы конкурс бойынша ілінген, әлеуетті өнім берушінің №5-қосымшасында көрсетілген, "Жаңарту" ЖШС-гі мен "МТУ КВАРЦ" ЖШС-гі арасындағы 13.02.2018 жылғы нөмірсіз техникаларды жалға алу туралы келісім-шарты жасалмағаны анықталып, ол туралы хаттың электрондық көшірмесі мемлекеттік сатып алудың веб-порталына (әрі қарай-веб портал) қоса тіркелген болатын. Алайда, Департаменттің хабарламасында құрылысты ұйымдастыру жобасына сәйкес қажеттілікті қамтитын құрылыс машиналарының, тетіктердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлерінің ведомостінде «Вибрационный кабелеукладчик» техникасы сұратылмаса да, ҚР Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (әрі-қарай-Қағида) 150-тармағының 2) тармақшасында материалдық ресурстарға қатысты талаптар қамтылмағаны ескерілмегені көрсетілген. Бұл уәждер негізсіз деп есептейміз, себебі конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Жаңарту» ЖШС-не рұқсат бермеу туралы шешім қабылдау барысында Қағиданың 150-тармағының 2) тармақшасы басшылыққа алынған болатын, яғни «Жаңарту» ЖШС-нің №5-қосымшасында көрсетілген конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттарда("МТУ КВАРЦ" ЖШС-гі арасындағы 13.02.2018 жылғы нөмірсіз техникаларды жалға алу туралы келісім-шарты) дәйексіз мәліметтер ұсыну фактілері бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмеген болатын. Екінші, «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-не қатысты: Заңның 27-бабы 5-тармағы 2) тармақшасына сәйкес сұратылған хатқа қосалқы мердігер ретінде тартылған «Сыр Арал сараптама» ЖШС-гі 06.03.2018 жылғы №148-18 ақпаратында осы конкурстың атауын көрсете отырып, 2018 жылғы 17-қаңтардағы қосалқы мердігер ретіндегі шартының жасалмағандығы нақты көрсетілген. Бұл ретте де конкурстық комиссия Заңның 27-бабы 5-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген құқықтарын пайдаланған болатын. Дегенмен, Департаменттің хабарламасында келісім-шарт пен ниет шарттың мағынасы екі түрлі екендігі, «Сыр Арал сараптама» ЖШС-нен ниет шартының жасалғандығын растайтын 04.04.2018 жылғы №191-18 санды жауап хаты алынғандығын хабарлама беруде негізге алынған. Бірақ, аталған хаттың электрондық көшірмесі Веб-порталға ілінбеген және ол туралы мәлімет конкурстық комиссияға белгісіз (ұсынылмаған). Сонымен қатар, конкурстық комиссияның сұратуы бойынша ұсынылған «Сыр Арал сараптама» ЖШС-нің 06.03.2018 жылғы №148-18 хатының электрондық көшірмесі тіркелген(түрлі-түсті), ол хаттың шынайлығына не себеп негіз болғаны хабарламада ашып көрсетілмеген, Департаментпен «Сыр Арал сараптама» ЖШС-нен алынған

04.04.2018 жылғы №191-18 санды хаттың көшірмесі Веб-порталға ілінбеген, яғни соңғы хаттың бар немесе жоқ екеніне күмән келтіруге толық негіз бар. Осыған байланысты, конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілер «Жаңарту», «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-не қатысты олардың конкурстық өтінімдерінде ұсынылған құжаттар бойынша анықталған дәйексіз мәліметтер ұсыну фактілері бойынша Қағиданың 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес конкурсқа қатысуға жіберілмеуі негізді әрі Заңға сәйкес қабылданған деп пайымдаймыз. Алайда, Департаментпен конкурстық комиссия мүшелерінің Қағиданың 150 тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алғаны ескерусіз қалған. Айтылғандар негізінде с ұ р а й м ы з: Негізсіз болуына байланысты Департаменттің 06.04.2018 жылғы №27715 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны қайтарып алуды. Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының міндетін атқарушы С. Айтмамбетов Орын: Т. Дәулетияр Тел: 8 (7242) 605418

Перечень прилагаемых документов приведен в электронном возражении.

заместитель руководителя управления Айтмамбетов Сакен Абдинагиевич